

12006  
6031к

# ЖАС ТОЛҚЫН

1









# **ЖАС ТОЛҚЫН**

**1-кітап**

**Проза**

**Жас қаламгерлердің  
түңгыш шығармалары**



**Алматы  
“Жалын баспасы”  
2005**

ББК 84 (5 Қаз)

Ж 33

Қазақстан Республикасының Мәдениет,  
акпарат және спорт міністірлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

**Ж 33 Жас толқын. Жинақ. Проза. 1-кітап.** Құрастырған –  
Нұржамал Байсақалова. – Алматы. “Жалын баспасы”  
ЖШС, 2005. – 256 бет.

ISBN 9965-693-23-4

“Мен жастарға сенемін”, – деп арысымыз Мағжан айтпақшы, бүгінде, шүкір, сол баба сеніміне лайық жастар қанаттанып, жетіліп келеді. Жастықтың өзіне тән талғамы, талдауы, толғанысы мен козқарасы бар. Олардың және бір қасиеті сезімге көп беріле бермейді, омірден өз орындарын өздерінше іздейді. Махаббат пен достықтың сиқырлы сезім сандығын да бүгінгі жастар өзінше өз козқарастарымен актарады. Оны қолыңызға алып отырған жас таланттардың “Жас толқын” жинағынан көре аласыз. Жас қаламгерлерге тар жол, тайғақ кешуі көп әдебиет жолында сәт сапар тілейміз! “Жас толқын” жинағы жас жазушыларымыздың болашақта жарық көрер үлкен шығармаларының ақжолтайы, жолашары болсын!

**Ж** 4702250200-09  
408 (05)-05 9-2005

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 9965-693-23-4-(т.1)

ISBN 9965-693-22-6

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2005

## ӘДЕБИЕТТИҢ ҮМІТІ

Бұрын “Жалын” баспасы жас прозашылардың тұнғыш әңгіме, повестерін жинақтап “Арман қанатында”, ақындардың тұнғыш өлең, дастандарын топтастырып “Қарлығаш” деген атпен жылына бір-бір жинақтан шығарып тұрушы еді. Ол дәстүр үзілгелі де ұзақ уақыт өткен-ді. Алайда сол жақсы бастаманы баспа да, ақын-жазушылар мен оқырман да ансап жүруші ек. Биыл сол дәстүрді қайта тірілтуге Қазақстан Мәдениет, ақпарат және спорт міністірлігі мүмкіндік тудырды.

Ұмытылған дәстүрді қайта тірілту де қыын екен: баспа мен ақын-жазушылар арасындағы бұрынғы байланыс жойылған, жас таланттар газет-жүрнандарды жағалағанмен, баспаға қарай аяқ баспайды, сондыктан оларды табуда, тану да бізге біраз қыын болды. Бірінің аты-жөнін, екіншісінің мекенін, үшіншісінің қызмет орнын, туған жылын біле алмай, суреттерін таба алмай сабылдық. Әйткенмен ең бастысы шығармасы қолға тиген соң, басқасына қарамай-ақ қойғанды жөн көрдік.

Әдебиет табалдырығын аттау қасиетті жерге қадам басумен барабар. Оған келе салуға, бара салуға болмайды: дайындықпен, ілтипатпен, таза пейілмен келу қажет. Бұл жолда сәтсіздік те, қыншылық та, тоқырау да – бәрі болады, бірақ арамдық болмауға тиіс. Жас қаламгер атак, абыройды емес, халыққа қызмет жасауды ғана басты мұрат санауы керек. Атак, абырой деген – сол қызметтің нәтижесі.

Әдебиетке өз үнін қосқысы келетін жас толқын әрі қуантады, әрі үрейлендіреді. Өнер қуып талпынғанына сүйсінесің, тілді пайдалануына қарап қорқасың. Тілсіз әдебиетте, өнерде болмак емес. Ән түгіл, дыбыстың өзінде ұлттық ерекшелік бар, ал ол ерекшелік бұзылған жерде ұлттық өнер де бұзылады. Осыны жастар ұқты ма, жок па деп жүрексінесің.

Бұл жинаққа әнгімесі енген әрбір қаламгердің тілді менгеруі әрқылы, соған орай көркемдігі де әр дәрежеде. Бірақ әрбірінің әртүрлі ерекшелігі де бар, сол ерекшелігі үміттендіргендіктен, жинаққа енгіздік. Әліпби бойынша орналастырғандықтан, жинақтың бетін Айманның “Киялдағы төбешік” атты әнгімесімен аштық.

Айманның әнгімелерінен суреткерлік байқалады, табиғат пен адам сезімін астастыруға ұмтылуында әжептәуір сәттілік бар.

Әсемнің әнгімелерінде әлеуметтік жүк бар, өмірдің қайшылықтарын, қындықтарын талдап ашқысы келеді. Адам жаңындағы арпалыстарды тәп-тәуір суреттейді.

Бану мені қатты қуантты. Өмірдің ең қатыгез, ең керегар тұстарын әзілдеп, еркелеп отырып-ақ сөгіп тастайды. Сен де еркелеп, риза боп оқисың. Жеп-жеңіл оқылады. Сөйті тұра сүркай өмірдің сүйкімсіз тұстарын өткір тілмен осып-осып жібереді. Оның “Өмір биі” – шындықты көркем бейнелеген әдемі әнгіме. Қалыптасқан жазушыша батыл жазады.

Бейбіттің “Мейірімі” де жақсы әнгіме. Екі достың қылышы да, сезімі де шынайы, тәй-тәй қалыптасып келе жатқан ой-пікірлер әрі сүйсінеді, әрі үміттендіреді.

Гүлбіғаштың “Кінәсіз бойжеткені” дәл бүгінгі өмірдің кең етек жайған ыңғайсыз жағдайын шынайы суреттейді. Айкенженің табысты өміріне риза болудың орнына қынжыласың. Айкенжені солай істеуге мәжбүр еткен жағдайға да, сол жағдайға көне кеткен Айкенжеге де ірсінжисің. “Қыз тағдыры үнемі қыл үстінде тұрады екен ғой”, – депті Гүлбіғаш “Қыз тағдыры” әнгімесінде. Өмірді түсіне білген адамның сөзі.

Гүлжанның шап-шағын “Сәруар сезімі” анаға тән жылыштың жақсы берген. “Тұлкі заманы” да қазіргі өмірдің бір қырын қарауылға іледі.

Дарханның екі әнгімесі ауыл өмірінің екі қырын әдемі ашыпты. Бірінде әдет-ғұрып мадақталса, екіншісінде іштарлықтың кесапаты қандай қайғыға душар еткені нанымды көрсетіледі.

Ержанның “Аялдамасы” – бір ғана оқиғадан адам жаңының қыр-сырын аңғартатын әнгіме.

Жанардың “Үқастығы” – әйел құпиасын одан әрі құпия ете түсетін әңгіме. “Үміт” жалғыз ұлынан айырылған ананың қайғысын емес, үмітін айтуды мақсат етеді.

Ләзиза сезіммен жазады. “Бәрі өткінші” деп қойыпты ол әңгімесінің атын, бірақ Біржанның, оның махаббатының өмір бойы өткінші бола алмайтынын, өмір бойы өкініш болатынын оқырман ұғады. Оның “Асудағы арпалысы” да адамдардың жан дүниесін саралап көрсетуге тырысқан әңгіме. Оның әрбір мөлтек әңгімесі үлкен өмірдің бір бөлшегін, сезім-әулиенің бір дір еткен сәтті суреттейді.

Лира да төсөлген жазушыдай. Бала сезімнің мөлдірлігін, әкниеттілігін “Бала ғашық” әңгімесінде әдемі жылышықпен жеткізе біліпті.

Мақсаттың “Ажалды қуған жігіт” әңгімесі – жазылуы жатық болғанмен, қабылдануы қыын әңгіме. Бірақ ойлантады. Демек керек әңгіме.

Мирастың “Ит жанарындағы жас”, “Ию-қиу дүниес” шығармалары – сезімтал, нәзік жандардың жан дүниесіне үңілген сәтті дүниелер.

Бұл жинаққа еніп отырған жалғыз аударма – Наталия Цойдың “Қиялдағы ханзадасы”. Поэтикалық тілмен нәзік сезімді қозғай отырып баяндайтын ертегі шындық.

Нұржамалдың әңгімелерінен өмірдің нақты әрі қатыгез, әрі қуанышты оқиғаларын, нанымды жағдайларын көресің. Әйелге тән байқампаздықпен, мейіріммен жазылған дүниелер.

Серік көркем сөйлеймін деп, көркем сөзді үйіп-төгіп жібереді де, кейде сол көркемдіктің астарында ойы көмескіленіп қалады. Әдемі сөз ойды әдемілеп жеткізу үшін қажет. Ойынды оқырман дәл түсінсе, шеберлік деген – сол Сүйсініп, таңданып түсінсе, ол – үлкен сәттілік. Серіктің “Шүңеті” – кісіні ойландыратын, ойдан ойға жетектейтін шығарма.

Бұл жинаққа шығармасы енген жастардың бәрі – әдебиеттің ертенгі үміті. Бәріне сәт сапар тілейміз!

*Бексұлтан Нұржекеұлы*



**Айман КУЗЕМБАЕВА**

1984-жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы, Қасқасу ауылында дүниеге келген. Б.Тұлкиев атындағы орта мектепті 2001-жылы тәмәмдады. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Үлттық Өнер академиясының Әкім Тарази шеберханасы бойынша онертану фәкүлтетінің кино, теледраматургия бөлімін тәмәмдаган. Әңгімелері “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған.

## КИЯДАҒЫ ТӨБЕШІК

Ызғарлы күн еді. Қабағын түйген бұлышыңыр аспан қара жерге төніп, қадалып алған. Эр жер-әр жерге ақша бұлттары шашырап қалыпты, жайылып қалған қарт ананың аппақ шаштары секілді. Жаңбыр себелеп түрдү. Басылған соң, өксігін баса алмай түрғандай селк-селк етеді. Қара жер бусанып жатты.

Жуан дауыс төрт ұлын кезек-кезек шақырды. Зират басында органшы ұлы мен кенжесі ғана болатын.

Адамдар лек-легімен ағылып, ұзыннан-ұзақ қайтып барады. Қиядағы жалғыз төбешік бос қалды. Бар күйгін ішіне томаға-түйік жұта-жұта ісініп кеткен бе?.. Жанында қыстан шыққан жапырағы сықырлап, қарт ананың әжім-әжім бетіндей тілім-тілім ойылған, белі бүгіліп әбден шеғіп қалған кәрі емен ғана түрдү қалтырап. Откен-кеткен әр жолаушыға иіліп, баяғы жас күніндегідей сол ауылға келіндік рәсімін өтеп, сәлемін жасап түрғандай.

Төбені көк тұман жаулапты. Сол тұманның арасынан басын салбыратып келе жатқан қара бала көрінді. Кәрі еменді қапсыра құшақтай жығыла кетіп, егіле берді. Көзінен қан тамғанша... Маңғаздана, тәқаппар жатқан бейіт алдында соншама дәрменсіз халге түсіпти.

“Сен, ұлым, не күйге түсіп, қарақшы атандың? Әкенен қалған тұяқтарың жетпеді ме? Туғандарыңа табалатып кеттің ғой мені, қарағым?”.

Кемсөндөй шыққан:

— Ка-ра-ғы-ы-ым! — деген сөзін жел жаңғыртып әкетті.

Жолда келіншегі екеуі көлік күтіп ұзак тұрды. Жаңбыр соңы дауылға айналған. Үскірік жел беттерінен шымшып, әбден ығырларын шығарды.

— Др-р-р! — деп, анадай жерге дейін асып барып тоқтаған атарбаға екеуі жүгіріп келді.

— Елдің ішімен емес, ауылдың шетімен ала кетсөніз! — деді.

— Болса болсын, солай, др-р-р, шұ-ұ-у!

Күс-күс, балғадай қатайып кеткен қолындағы шыбығымен айдаушы атты дүркін-дүркін соғып келеді.

## АРЫЛУ

Бойындағы адами болмысынан жаңылып, ку дүниенің сайқал тірлігінен безіне, мызғымай қалған меніреу даланың жалаң төсіне қарай қашып келеді-ау. Рухына азық берер жан іздегендей айналасына телміре қарай беретіні несі? “Ақымақ-ау, адамнан емес, Алладан тілесең нетті жәрдемді”, — дейтіндей дала ызғары. “Иә... адамнан емес, Алладан тілеу керек екенін түсіндім!” — деп, балалау санасты оянды да, қос қолын қөкке құлшына соза берген-ди. Адам адамға күнә жасағанды біледі, бірақ адами көмекке келген емес дейді ашынған санасты. Қасірет пен қайғыға уланған жүргегіне іштей басу айтып, өзін-өзі алдап жұбатқан болады сөйтіп...

Егіл-тегіл жылай отырып, ішіндегі өрттей лаулаған сезімі мен бар сырын мелшиген меніреу далаға жайып салмақ болды. Сондағы сырын жайған бұл даласы нені үқпак екен?

Ақтарыла қалса, ызғарлы жел де бетінен бір салып өтпек. “Жаза, саған жаза, күнәлісің!” — деп, бетіне баспақ. Сондағана қыз шырылдай: “Жоқ, атай көрме, олай деме мені!” — дейді жалынып. Өсекші әйелдей сыпсындалп, қыз сырының бүге-шүгесіне дейін қалдырмай жеткізбек пе, қалай?.. Қыз сұлтулығына қызғана қараған жел қап-кара шашынан ақырын сипалайды, сосын: “Сен сұлусың, сондықтан, сондықтан ғой, жұрттың саған ашыға, ішіп-жеп сұқтана қарайтыны. Сен кінәлі емессің, тентегім менің”, — дейді. Өксігін баса алмай, ку тізесін құшақтаған күйі отыра берді езіліп. “Сананды қорлап, жанынды жарапалады ма, адамдар?.. Жамандық жасаса, жақсылық

жасайтын да – сол адам. Ортаңа кет, бара ғой, бар!” – деп, итермелеген жел долданып, ызғарлана жөнелді. Сұп-сұық, соқыр тұман ішінде жаны мен тәні азапқа түсіп, көз жанары таусылған соқырларша қос қолымен тырбындей бұлдана берді ышқынып...

Ұйқысынан ыңырсып оянды. Сұп-сұық тұла бойын сағыныш билеп алғандай. Алыстағы арманын аңсады.

- Шашыңдан бір иіске қалайыншы!
- Болмайды, – дейді бұлданып.
- Сен мені сағынасың әлі, – деп еді.

Кетерінде дұрыс қоштаса алмағанына өкінді. Жазған өлеңі де біртүрлі мұнды екен. “Сол хатты оқығанында қандай күйде едім?” – дейді есіне алып. Қар астындағы суальшып қалған бәйшешек гүлді айтпап па еді... Ол қазір алыста. Хабар жок. Жалына-жалына шаршаған да шығар, қайтсін...

– Сен кемпір болшы, мен шалдың рөлін ойнайын, шалкемпірдей өміріміз бірге болсын! – дегені.

- Ұяламын, – дегенге, екеуі бір сәт үнсіз қалып еді кідіріп.
- Өзінді өзін неге шектей бересің? – деді сонда.

Тамағына тас тығылып қалғандай, өксіп-өксіп жылап алғысы келді, көрпесіне тығылып.

“Апыр-ай, не қылсам екен?” Көздері ісіп кетіпті, айнаға қарады.

– Өзінді өзің қинамай, неге өлмейсің? – дегендей болды кәрі кемпірдің сайтани күлкісі.

– Жанымды емес, таусылмай қалған сезімді қимай қиналадам...

– Қайдағы сезім енді саған? Өлсең ғана қиналмайсың. Өл! – дейді, қарқылдан.

– Жер бетінде күнәмді өтеу үшін ғана қаламын. Өмірдің тауқіметі мен азабын шегейін, – дегісі келді мұнды да шерлі жанары.

...Айта да алмайды екен ғой...

\* \* \*

Одан да мына дүниенің жалған қызықтарын талақ етіп, мейірімі мол, құдіреті күшті Жаратушы иенің алдында жалбарынбаққа бекінді. Күнәдан арылудың бұдан өзге жолы да жок. Тек мінәжат, мінәжат... Рауандап келе жатқан таң шапағының уыздай мұлгіген тыныштығына иіліп, сәждеге еріксіз бас ұра берді сорлы қыз...



Әсем ҚОСБАҒАРОВА

1979-жылы Алматы облысы  
Панфилов ауданы, Ушарал ауылында  
дүниеге келген. Т.Жұргенов атындағы  
өнер академиясын кинодраматургия  
мамандығы бойынша тәмәмдаган.

## МІНІСТР

Оның есі бірде кіресілі, бірде шығасылы. Қазіргі халі кісі шошырлық.

Есі кіресілі күні момақан жан өзінің кім екеніне тан, әкешесінің қайда екеніне дал. Әйелі мен баласы қасында кейде болады, кейде болмайды.

Есі шығасылы күні өз еркі өзінде емес. Қара қүштің құшағында не істеп, не қойғанын білмейтін. Өте өкінішті.

— Ха-ха-ха! Есеп күлкі, есалан әрекет.

\* \* \*

— Міністір боласың,—дейтін. Болды. Тек мәдениет міністірі емес, қаржы міністірі. Кім ойлаған музықаға тәп-тәуір икемі бар торсықтай бала қаржы жағын қауқарына аларын.

Жалғыз ұлын үйлендіріп, әкелік парыздың ең бастысынан құтылды.

— Отец, менің “Рыцарь” болғым келеді, — дегеніне, “Боласың!” — деп уәде еткен. Орындады. Қасиетті Константин орденіне ие магистрлі Швецариядан арнайы алдырып, ұлына “Рыцарь” атағын бергізді.

Байлық пен батырлықтың күші арқылы өзгелерге өзін мойындатудың бүл бір қыры ғана екен. Әйелінің бітпейтін сапары көп, ол соңғы көргенінде не айтып еді?

— А, жатырын құртқан екен ғой! Періш... — Ол сөзінің аяғын жұтып қойды, қимағаны да. Айна алдында ұзак

тұрады, кейде тіпті төрт-бес сағат жалықпайды. Өзін өзі іздегені, өзіне өзі сауал қойғаны.

– Жатырынан кірем жасап жағам деді ме?

...Дірілдеме, не қорқып кеттің бе? Ол бұрышқа қарап сөйлейді-дағы айнадан өзін көріп.

– Жасасын, жақсын! ...Ала күшік екенім өтірік емес, – шикылдан күлді, – шыным! Сормандай деуші болма, не елдің соры... Жоқ Мен елдің бағымын, ұқтың ба? ...Бағымыз!

– Тексіз... – Міністір жуасып қалды.

Тексіз... әкеге, анаға керек болмаған тұл жетім екені есіне түсті.

– Айттым ғой, “ала күшікпін”, – деп. Сен маған сенбейсің жүргітта қалған иесіз, енесіз ала күшікпін. Мен үрмеймін... қыңсыла... Ха-ха-ха!

Дәлізде тұрған оқ қағары Қабан домаландаі, аяғы ширақ басып жүтіріп келді. Міністір дүлей күшпен, қолына ерік берді де ұрғылады кеп.

– Сорлы жетім, ешкімге керексіз ала күшік, қыңсыла, мәсаған жетім! Тексіз неме... – Тепкіге қондіккен Қабан себебін сұраған да жоқ, кектеніп өшіккен де емес.

\* \* \*

Ольга шешей шаң басқан роялін сипап ұзақ отырды. Оның қыртыс-быртыс тарамыс саусақтары дірілдеуік. Әр тетігін тексеріп байқағаны болмаса, шертуге қауқары жоқ. Тек жалғыз қимасы, қымбат заты болған соң ба әлде бар сыры, бар өмірі қора түсті осы затқа қатысты ма, рояль қасында ұзақ отыру шешейдің әдетіне айналған.

Аядай бөлмеде мәңгілік тыныштық орнағандай, тек кешегіден қалған асты аралап безіп жүрген таракандар мен тор ірген терезе бұрышындағы қоңыр өрмекшілерден ғана тіршілік сезіледі.

Көңіл пернелерін жалғар әуенді Ольга шешей аңсағалы қашан... Соңғы кездे кім соқты үйге, Ольга шешей есіне түсіре алмады, біраз уақыттан соң – көрші Сапар келген еді ғой. Газ бен жарықтың ақшасын есептеткен едім, ұмытқыр басым. Өзіне өзі сөйлеп, тербелген күйі ұзақ отырды.

\* \* \*

– Сіз қанша рет, қалай міністір болдыңыз? – Қазымыр журналистің қазымыр сұрағына:

– Алты рет, – деді саусақтарын санап барып.

– Бәлкім, кішкене кезінізден міністір болуды армандаған шығарсыз?

– Жоқ...

– Сіз, үттіау болса да айтайын, тілге қарсы қол көтерген депутаттарды қолдап... – Журналист аз тежелді де, – себеп неде, өз тіліңіз өзінізге ұнамай ма? – деді. Ұят туралы, журналистиң сезінеге таңырқап қалды. – Тіл жайында не айтуға болады? Мен жеті тіл білем.

– Оныңыз дұрыс қой, дегенмен ана тіліңізге қарсы қол көтердіңіз, ойыңыз өзгермеді ме?

– Ана тіл – Міністірдің қабабы түйіліп, журналиске ежірең қарады да:

– Білмедім, – деді.

\* \* \*

– Ха-ха-ха! Есер құлкі, есалан әрекет. Мына қаңсыған қабырғалар онымен қоса есер. Анау мол дүние бұнымен бірдей топас. Ішкі жан-дүние атаулы қирап, құрып кеткенде бұлардың сүмірейіп тұрысы неткен жаман.

Сан бөлмені кезіп жүр. Ешкім жоқ... Жар тесегі тастай, қорқынышты қарайды.

Тағы да айна алдында.

– Мен не істегем айтшы, не істедім? ...Көретінің алдында... Сонда не көрем. Ол ыдамай бұрышқа жетіп барды. – Жауап бер мен не көрем... Үнсіз. Ешнәрсе көрмеймін менде бәрі бар әйел де, ұл да, байлық та, бәрі... бәрі. Жоғын мына қолмен жасаймыз (қолына қарайды). Саусақтары дір-дір етіп кеткен.

– Қабан! Қаб-ан деймін! – Айқайлаған даусы бөлменің бәрін шарлап шықты.

– Иә, тақсыр, тыңдал түрмyn. Сом денесі міністірден биік екен, пысы басылды. Ұрғысы келіп тұрса да, өзін-өзі ұстады, сабыр шакырды. Осы уақытқа дейін бәрі орнында, бәрі ойдағыдай көрінген міністір үшін әлдебір жалғандық, әлдеқандай жеккөрушілік сезімі оянды. Ең бірінші өзін кінәлайтында, бірақ ол да жүргегінің түбіндегі сан сезім түрінің дір еткені, лұп еткен самалы ғана еді.

\* \* \*

Күн жұма. Бәйшешектер баяғыда гүлдеген... Өзін еркін, женіл сезінген Міністір үшін үлкен жақсылық келетіндей, жұмбак дүние шешілетіндей әсерде еді...

\* \* \*

Ольга шешей шіркеуге барып, құдайдан кешірім сұрады:

– Мен істеген күнә, бәлкім, ауыр шығар, кеш, сонда да кеш мені! Жаратушы ием, бір қөруге, мандаіынан іскеуге бұйыр! – Шоқынды. Қоңырау қағылды. Мінәжат етушілердің жүргіндегі үрейге, қорқынышқа үндес дыбыс.

\* \* \*

Бұған таныстары таңырқап қараған. Үлкен сарай іші адамға толы. Олар әр елден әр түрлі мақсатпен жиналғандар, ортақ мәміле – дін атаулы бірігіп жойқын күшке қарсы тұру. Зеректіктен тыңдаған міністір санасына әлдекандай таныс үн, сырлы саз келетіндей. Ол баяндамашылары тыңдалып отырып та сол ырғақ, сол үннен шыға алар емес. Адамдардың бәрі бір нотаға құрылған ұлы қүшпен байланысты әуезді орындалып жатқандай.

– Құдай бір! Барлық адамдар бірігуіміз, татулықта болуымыз қажет! – деген түсінікке түгелдей қосылып хор айтатында. Оның санасында осы секілді жаратқанға қатысты сөздер жаталған еді.

Үзілісте міністірдің ерекше сезімде отырғанын байқаған журналишы.

– Бір жыл бұрынғы берген жауабыңызда Аллаға сенбеймін дегенсіз, қазір де солай ма?.. – деді.

\* \* \*

Есі тағы да бір келіп, бір шығып отыр. Бірде жылайды, бірде күледі.

– Күнәсіз біреуді жазғырма, жүргіне дерт саласың. Құдай бәрін көріп, біліп тұр... Біреудің адап тапқанын арам етпе... Ұрлық түбі бәрібір қорлық. – Сөйлеп тұрып ойлап тұр: кімнен, қайдан естідім бұл сөздерді? Міністір залдың дәл ортасында тұр;

– Жетімдер үйі, жетімдер! – деді. Жүрт ойлады: “қандай жаңы таза “жетімдер мен жесірлер қалін ойлайды”, – деп. Дірілдеп тұр, тоңғаннан емес, өзінің ессіз әрекетінен шошып, ол жаңына жәй табу үшін жетімдерді сатқызыған және де тек байларға ғана. “Сонда ғана бақытты болады”, – деген еді.

– Мен оларды құтқарам... – Тек қана осылай ойлаған Аянышты көздер, шіркеу қоңырауының үні, рояльдің

алыстан талып естілген даусы жүргегін лоқсытып барады.  
Баяғы Қабан оны бұл ортадан алып шықты.

– Діңсіздер, тілсіздер! – Арабиялық мұфти қарғыс айта сөйлеген, – Екі жүзді мұнафықтардан құдай сақта, сақта! – Міністірдің қәлләсінде жазылған аса қауіпті сөздер. Бұл сөздер оны жоқ ететінде, инемен миын сұққылап жеді, санасында азан-қазан айқай салады. Қабан есіктен рұқсат сұрап кірді, сұп-сұық бұның жүзіне сұп-сұр жанарын қадап:

– Баланың кеп тұр! – деді.

– Менде бала бар ма? Қабан үнсіз тұрды да:

– Әйеліңіз... келініңіз...

– Олар кімдер?..

\* \* \*

Ольга шешей іштей құса болып бітті. Бар арманы: баласын бір рет қана көріп, өлсे! Одан өзгені сұрап та жүрген жоқ, сұрамайды да. Жетімдер үйін, ондағы берген дәрістерін, музыканың әсері, мәні жайлы айтқандарын есіне алады, сан мәрте түсіндіреді, кімге екенін белгісіз түсіндіріп жүріп қайталайды.

Жанарсыз өткен жарты ғұмыры үміт, үмітке құрылған құндер. Сонда да тағдырға еш реніші жоқ.

Музыкалық сауаты бар. Ольгаға әділетсіз, баянсыз махаббат жолыбып, өмірін талқан еткелі тек әуенмен ғана тілдесіп, әуезге ғана үн қосып сырласатын. Баланы мағынасыз тірлігінің жуындысы деп қарады, ойында бәрін ұмыту, сызу, құрту ғана тұрған. Солай сті де, енді, міне, тіпті ұлының кім екенін білмей, бар-жоғын ұқпай тосу, сағыну, іздеу деген қандай қызын. Күнәдан арылу үшін жетімдер үйінде қызмет істеді, бала жүргегіне жол табу үшін талай түнін үйқысыз атырды да. Енді фой соңғы үміті екі ауыз тілекке құрылып, бір рет қана ...көру, одан соң өлу болып сарғайып жүргені.

\* \* \*

Басы бар, құлағы жоқ, көзі бар, қарашибы жоқ, аузы бар, тілі жоқ. Аузын ашып жылайтын секілді, бірак... үн жоқ. Көзінен не жас ақпайды. Қорқынышты. Сүмдық:

– Бейшара, туғалы жылайды да жатады, ең болмаса бір дыбыс шықса ғой. – Еңкілдеп тұрған дәрігер міністірге қарамайды. Өзін осы қасіреттің күнәнәрарында сезінеді.

– Сүмдық қой бұл! – Дәрігер бармағын аузына алара береді.

— Келін мен балаңызға көрсетпедік, шошып кетер... Эйеліңіз де білмейді... Ол жағынан қорқпаңыз, шын айтам... – Эне тағы жылалат жатыр, неге сонша жылайды?

Миы қайнап жатқандай. Үнсіз қала берді. Тіпті де үнсіз емес. Не істесе екен? Бұл қайтсін, не демек?... Өзінің шебер туындысы... Сан жылғы еңбегінің жемісі.

– Немере сүйем, міністір болатын ұл болады!

– Ха-ха-ха! “Сокырсың”, – дейсің бе? Иә, сен айтпасаң да білем. Өз тілінді өзің кестің демексің ғой. Көрсетпегің осы екен. Не, сөйлеуге сенде де тіл қалмады ма, айт, айта тұс! – Иә, тексізбін, иә, рас айтасындар дінсізбін. Әкенің жылыштырының, шешенің мейірімін сезінбеген жаннан не күтіп едіндер? Менің анам, әкем кім екен деп сарылумен, тосумен өткен өмірім бар ғой! Кінә менде ме тағы? Айт! Бәрін мына қолыммен жасадым. Иә... Маған сауал қоя берме, одан да бірдене де! – Бұрышка қадалып алған оның шаштары аппақ кудай еди.

Неден қателік кетті? Ең болмаса, соны айтшы, өтінемін, жалынам! Айт, айт деймін!

– Қанағат жоқ сендерде. Қанағатсызындар. Іше берсем, жей берсем, ала берсем, жинай берсем... Қанағат жоқ сендерде! Қанағат болмаған соң, қайырым қайдан болсын. Қайырым болмаған жерге иман тұрақтамайды. Имансыз адам отанын сатуға дайын.

– Солай де... Отаныңды сатқанмен тең демексің ғой. – Міністір алқынған күйі далаға бірақ шықты. Эйелі, баласы, келіні жапырлай үңірейе қарады. Олар қуанышты еді. Міністір осынша жиіркенішті өміріне нағылет айтты.

– Қандай сұрықсызындар. – Дәлелдеумен, байлық жинаумен өткен күндерін өмірінен жай ғана сыйып тастағысы келді. Бірақ бәрі кеш.

\* \* \*

Шіркеуге не құдірет әкелді, өзі үкпады. Асыға, аptyға кірген бетте қап-қара рояльға көзі тұсті. Ол ешнәрсеге бұрылмастан рояльға отырды. Жүргегінің түбінде жасырынған әлсіз сезім оянып, санасындағы өлуге жақын таныс әуен тірілді. Ойнаған сайын тазарғандай, тазарған сайын биіктегендей әсерде еді. Оның мандаійынан біреу сүйді де:

– Бақытты бол, балам! – деді. “Балам” деген сөзбен ол мәңгіге бала болып кеткендей денесі жылынып, рахат сезімге бөлөнді.

“Бақытты бол, балам!” – Бұл дауыс оған таныс қой!

– Сен міністір боласың, бірақ музыканы тастама. Ол сенің рухынды жоғарлатады. Ольга шешейді таныды. Қозін ашыға қоркты. Бар бақытынан айрылып қалатындей, сұрықсыз өмірді көрместей, көзі жумулы қүйі ойнай берді, ноталар теріле берді.

Көзінен жас аққандай еді. “Құдайым-ау, құп-құрғак. Құрғак жас болады екен-ау?” – Жылап отыр. Ол музыкаға елігіп, тылсым әлемге кіріп алған. Бірақ жылап отыр. Төрткүл дүниенің бәрі көз жасқа толып кетіпті, сондықтан бәріміз жылауықты.

Өз істегеніміз мандайымызға сор болып жабысып, сорамызды ағызып, ағыза-ағыза құрғак жасқа, құп-құрғак жасқа “малынып” отырғанымыз мынау...

– Күнәм кешіріле ме екен? – деп ойлап та үлгерген жоқ. – Кеш, кеш, кеше гөр! – деп қайталады.

Кермек жас көзінен енді ғана акты. Ол шын мәнінде жылаған еді.

## ҚЫЗЫЛ ОРАМАЛ

Маматай, бүгін тағы да жауын құйып тұр. Қыстың алғашқы айы болса мынау, далада көктем. Түсімде аппақ ұлпа қардың жапалақтап жауғанын көрем, қарды сағынғанымды-ай!

Неге екенін қайдам, сені “маматай” деп атап кеттім. Экем: “Шеше”, – деңдер деп ренжитін. Іні Ернар да “маматай”, “маматайлап” шапқылайтын ерке еді ғой. Кейін экемнің өзі де бізге қосылып:

– Балалардың маматайы, ас дайын ба? – дейтін болды.

Екеуіңе қызығып өстім. Болашақ қүйеуімнің әкемс ұқсағанын, ал өзімнің сен секілді байыпты, салмақты, сондай-ақ әдемі болғанымды қалайтынмын.

Байқауымша, маматай, сен күлген кезде, сен сөйлеген кезде шын мағынасында жарқылдай күлмейтінсің, шешіле көсіліп сөйлеген емессің. Жанарында мәңгі мұн мекендең, әйтеуір, бір күш сені тежейтін. Сол мұн маған да ой салатын. Сол тежеу сендері әлемге үнілуді бұйырғандай болатын еді.

\* \* \*

Биік арманның байыбын ұға бермейтінмін. Мен үшін бір арман – Петрдің салған әсем қаласын көру. Өнертануышы студенттің бұл орындалатын арманы екен. Оку орнынан сегіз шәкірт Санкт-Петербургке баратын болдық. Куанышты сезімімді алып ұшып үйге кіре сала:

– Маматай, мен Санкт-Петербургке барам. Питрге! – дедім. Сен болсан:

– Санкт-Петербург, – деп, әлсіз ғана қайталап, альбомындағы суретке сағынышпен қарай түстің. Көк сандықтың аузы ашық екен. Бізге жұмбақ дүниелерінді көріп отырсың, соңшалықты мұн сыйлайтын не нәрсе екенін білгім келеді. Жақындал едім, альбомның бетін жаба қойдың, көзім тізенде төгіліп жатқан қызыл орамалға түсті.

– Қандай әдемі, маматай, қалай ғана байқамағам.

– Қызыл-ау, байқамағаны неси. Осы орамалға жармасып бала күнінде ойнайтынсын. Күйршақ та болды бұл саған, жамылғы да. – Құліп отырып, көзіне жас алдың. Кейінгі кезде сендері дерт тым асқынып бара жатқандай сезілді. Содан соң сандыққа салып қойғам. – Көз жасынды орамалдың шетіне сүрттің.

– Шын ба, маматай? Құшағым жетпейтін мұндай ұзын, қып-қызыл орамалды еш жерден көрмегенмін. – Ойнақы сөйлеп, түк болмағандай алдауға тырыстым, аз күн қалған туған күнімді сылтаурааттым. – Маматай, мен жиырмаға толам ғой!

Сен: – Солай ма? – деп сұрақ қоя сөйледің де, орамалды соңшалықты қимастықпен қолымнан ақырын алдың да, баяғы төркініңен келген көк сандыққа салдың. Қызыл орамалдың үстіне сұр альбомды қойдың, қалың дәпттердің үстінен сипадың. Қымбат, құнды дүниелер тағы да көк сандықты паналап қала берді. “Сені ренжітіп алдым ба, маматай” деген пішінде телміре қараймын. Ыл-ыстық ерніңмен маңдайымнан сүйдің, одан соң ііскедің.

– Санкт-Петербургке барады менің қызым, – деп күлімдедің. Бәрібір сен жадырап күле алмадың.

\* \* \*

Санкт-Петербург. Сансыз көп адам. Олар тоқтамайтын сияқты, тұнгі бір болсын, тұннің жарымы өтсін ағылады

да, асығады да жатады. Қасымдағы құрбыларым датаң-тамаша “Питр қандай ғажап!” – дейді. Анар таңырқап бар қызығушылық сезімін ғажап сөзіне сыйдырады. Жан-жағымыз ғажап, біз үшін тамаша. Сәулет өнері, XVIII-ғасырда пайда болған саборлар, мұсінмен әшекейленген алып ғимараттар. Біз осының бәріне қуәгерміз, маматай. Сенің айтқаныңдай-ақ еken, көз алдыма бұл қаланың жұмбак сырлары ашыла түсті. Әне сен оқыған көк түсті оку орны, бәлкім, онгустік беткейдегі жұлдыны там сен тұрған жатақхана болар.

Елизаров ауданында орналасқан үлкен дүкен барын естіп, қайтуымызға екі күн қалғанда араладық. Өнердің сан саласына арналған кітаптар, түрлі мұсіндер тізіліп тұр. Ернарға орыстың бір-бірінен аумайтын “матрушқаларын” алдым, әкеме кітап, маматай, саған күміс алқалардың бірін таңдауым керек. Олар сондай керемет. Біз дүкеннен шыға сала алған заттарымызды айтып, дәріптедік.

– Мен алған сағатты Алматыдан таптайсындар, – деп, Анар мәз.

Бұл жақтың ауа-райы Алматының құбылмалы райынан гөрі тұрақты, сүйк екен. Денес тона бастады. Пальтомды түймелеп барып мойнымды қымтағаным сол... Орамал жок. Сұл-сұр болып кеттім. Маматайым:

– Жиырма жасымда ең жақын адамымның сыйы еді, Әскөнтай, сен так, сенің жиырма жасында бұйырыпты, көзімдей көр! – деген болатын. Маматай, қызыл орамалды жоғалттым.

– Маматайым сыйлап еді, не айтам? – деймін жылап тұрып.

– Ештеңе жок, жәй ғана орамал ғой. – Зәуре жұбатқан болды. Бұл сөз тіпті де ауыр тиіп, жан дүниемді езіп жіберді. Сонда жылап жауатын Алматының жауыны секілді жүргегім біртүрлі егіліп кетті.

– Ол жәй ғана орамал емес! – деп айғайлап жібердім. Жарты сағат. Дүкен жабылмай іздеу керек, табамын. Жарты сағаттан соң дүкен жабылады. Өзімс өзім сөйлеп келем, жүгіріп келем.

– Сіз орамал, қып-қызыл орамал көрдіңіз бе?

– Жоқ.

– Кешірінің, қып-қызыл орамал жоғалттым, көрмедіңіз бе?

– Елдің бәрі орамал тағады, қызылы сан мың. Ал дүкенге

тіпті сан миллион адам келеді. – Асыра айтса да, шындықты айтты саудагер. Ботадай боздап мына жермен жүрдім-аудеген жерлерді аралап шықтым.

– Телефоныңызды қалдырыныз, бәлкім, қайырымды жан тауып алса, әкеліп берер.

– Ол ерекше әдемі, тұсініңізші, ешкімде жоқ, – деймін.

Сіркем су көтермей екі күнімді қызыл орамалды жоқтаумен өткіздім. Бар шаттығым сол күні үлкен қағыға ұласқандай сүлдерімді сүйретіп, көңілсіз қайттым емес пе ару қаладан.

Жұбаныш үшін қызыл орамал сатып алуды үйғардым, бәрі ұсқынсыз екен. Қызыл орамалды көрмесем, мына бірін қандай әдемі еді деп, алатын ба едім?!

Жоқ қызыл орамалды көрген адамға бұлардың бәрі де жұбаныш емес, ұсқынсыз, сұрықсыз дүниелер.

Белгісіз себептермен, белгісіз аурумен бе, маматай, сен ауруханада жатырсың. Әкемнің қабағы тұсінкі жүр.

– Санкт-Петербургте жүргенінде хабарлассаң қайтеді. Сені уайымдады емес пе? – деді әкем. Үндемей құтылдым. Хабарласқым-ақ келді ғой, бірақ қызыл орамалды сұрағанында не дер едім, не...

\* \* \*

Ертесі, маматай, саған тауық етінен сорпа қайнаттым. Інім Ернар:

– Маматайдан аумай қалыпсың ғой, – деп күле береді. Банкіге құйылған сорпаны орамалмен орадым, сынып қалмасын дегенім ғой.

– Ернар, жылы киін, сұық тиіп қалады! – Өзімше үлкенсіп қамқор болғаным. Ол болса:

– Айттым ғой, тіпті әр сөзің маматайдың сезіндей, – дейді.

Мен күткен ақ ұлпа, пәк қар жапалақтап жауып жатыр.

Жүрегім бір түрлі жабырқау. Дәрігерлер арлы-берлі көп жүріп кетті. Сен қандай күйде екенсің?! Әкем бізден бір нәрсені жасыратын сияқты.

– Тез кіріп шығындар, сұрақ қойып мазасын алмаңдар, – деді.

Ашық бөлме, сен ақ киімде, ақ жамылғыда жатырсың. Денем салқын тартып, басым шыңылдан түр. Терезеден ақ ұлпа қар тәмен қарай кезек-кезегімен түсіп жатыр. Екі көзіме

жас толып кетті. Ернар шошымас үшін, өзімді ұстадым. Сенің жанарына қарау аянышты еді. Сағыныш, мұң көзіннің қарашығын торлап алғандай көрінді. Шаман қеберісіп қалған ернінді жыбырлатуға ғана келді.

— Мама, мама-тай! — деді Ернар жыларман күйде. Дәрігер тез шығуымызды бұйырды.

— Жүргі нашар, уайым түсіп кеткен, — деді.

\* \* \*

Жалғыз келемін. Далада аппақ қардан өзге ешкімді көрмедім. Адам жанын түсіну қандай киын, анашым. Сенің жомарт жүргегінде не қасірет бар, не дерг?

Өткен күннің елесін ойлап, сағынып күн кешу қандай киын, қашалықты ауыр.

Ауылдан келетін автобусты күтіп тұрғам. Маматайдын сіңлісі Қарааша келу керек. Ол түсер-түспес:

— О, аумай қалғыр, ұқсамасаң тумағыр. Құләй... мынау кішкентай Құләй ғой, — деді. Нагашы жұрт мені шешесінен аумаған, аумаған Құләй дейтін.

Қарааша қайта-қайта айналып, толғанып жүр. Ұзынағаш жакқа жүретін автобустың алдында тұрған бір ер кісі, екі әйел бізді көрсетіп таң-тамаша болды да қалды. Қарааша тәтемнің таныстары шығар деп:

— Тәте, сіз ана кісілерді танисыз ба? — дедім.

— Қой, жоға! — деп бір қарады да, ауылдағы жаңалықтарын айта бастады. Үшеуі әлі таңырқасуда. Тілдесуге шамалары жетпейтіндей бір-бірін тұртқіледі. Менді келген егде жастағы әйел көзіне бірінші болып жас алды.

— Қойшы, қой, тәте, ұят болады.

— Бақтиярдан аумайды ғой, аумайды. Сұра, бар, құлыным ғой мынау, көзі ғой.

Әлгілер: “Не деп сұраймыз?” — деп күнк етті.

— Балам, бері келші, айналайын! — деді ер кісі.

— Иә, аға! Ол кісінің қолы дірілдеп тұр екен. Қарааша тәтем:

— Не болып қалды, түгे?! — деді.

— Сенің аナンЫң аты кім?..

— Маматай... деп барып ұялып қалдым. Кү-ләй.

— Иә, Құләй... әй-шәй жоқ үшеуі бетімнен сүйе бастады.

— Ой, Бақтиярымның жұрнағы! — Жылап қауышып, сұрап танысқандай болуда. Менде ес жоқ. Қарааша тәтем:

– Сіздер қателесесіздер, жүр, түге. Олары несі бас салып? – деп сүйрелей жөнелді.

– Тәте... тәте деймін. Қараашаш тәтем:

– Шошыма, біреуге ұқсатқан ғой! – деді.

\* \* \*

Не болса да көк сандықты ашу керек. Ол жерде жасырынған құпияны білуім керек. Әкемді анамнан бұрын аяп келем: егер бәрі солай болса, әкем басқа біреу болса, маматай, мен сені кешпеймін. Солай. Қандай әділетсізсіндер, маған ең болмаса бір ауыз сөз айту келмеді ме қолдарынан.

Ашу үстінде көк сандықтың кілтін іздеудемін. Маматай, сенің рұқсатыңсыз батыл істеген ең алғашқы қылмысым. Оны сен кешірер ме едің, білмеймін. Бар ойымды жинақтап болмай тұрып, альбомға қолымды создым. Сол кезде тағы да ең алғаш сенің бақытты құлқінді көрдім. Бойымдағы ашу мен реніш бір ғана сәтте тарқап кетті. Маматай, сен қандай сұлусың, көздерінде мұнның бір түйірі де жок. Сүйсіне ұзақ қарадым. Мойныңдағы қызыл орамалға көзім түскенде, өзімнен өзім қысылдым. Қызыл орамал... Альбомның әр бетіндегі сенің жынысың шаттық пен қуаныш сыйлады. Көз қарасың жылылық, махабbat таратады. Суреттердің шетіне “Санкт-Петербург қаласы, 1980-жыл” деп қол қойылған. Сірә, сені ылғи да бір адам суретке тартып жүрсе керек. Ол, бәлкім, өте жақын адамың болар. Альбомның ең соңғы беті, соңғы үмітім. Үстінде көк түсті жейдесі бар, сәл езу тартқан қасы қалың ер баланың суреті. Мен өзіме ұқсас жанның пішініне анықтап қарадым. Қараашаш тәтемдер көрсе: “Күдай-ау, бұл нағыз сенсің ғой”, – дер. Кішкентай Күләй деп атамайтын да болар. Бұл суреттегі бейтаныс бейне жүргімді жылытықтандай еді. Әкемді біртүрлі аядым. Маматай, сені сүмдық жек көріп те кеткендей едім.

Тұнгі сағат үш. Бұдан былайғы өмірім не болмақ? Кім кінәлі, құдай-ай! Телефон безілдеп тұр. Әкемнің ауыр басқан аяғының даусы естілді.

– Алло, ...иә...а-а! – Қысқа үнсіздік, телефон тарс қойылды. Әкем сабырсыз сияқты.

– Маматай,,, байғұс ма-ма-тайым! – Қараашаш тәтем өзін өзі қинап даусын баса жылады.